

Зауыт жастары арасында экотимбилдинг өтті

Қоршаған ортаны қорғау және ұжым ішіндегі корпоративтік мәдениетті шыңдау бағытындағы шаралар – Атырау мұнай өңдеу зауытының маңызы басым міндеттерінің бірі. Осы мақсатта АМӨЗ-дің 80 жылдығы, Химия өнеркәсібі қызметкерлері күні және Экологтар күні аясында зауыттың 40 жасқа дейінгі белсенді жастарының қатысуымен Экотимбилдинг өтті.

(Басы. Соңы 3-бетте)



ЭКОЛОГИЯ

Ликвидирована
нефтеловушка
РЕКС

В рамках природоохранных мероприятий и проекта строительства буферных емкостей и малой конденсатной станции на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе завершена ликвидация нефтеловушки РЕКС – одного из источников потенциального негативного воздействия на окружающую среду.

Сооружение было введено в эксплуатацию в 1945 году. Площадь поверхности составляла 1 000 м², а проектный объем – 6 233 м³. С 2015 года нефтеловушка была отключена от промышленной канализации и использовалась как сооружение для временного накопления нефтесодержащих отходов.

Решение о полной ликвидации объекта было принято в целях сокращения выбросов в атмосферу от открытых емкостей с нефтепродуктами, а также в связи с реализацией на этом участке нового инфраструктурного проекта «Буферные емкости и малая конденсатная станция (МКС)».

С декабря 2024 года подрядная организация ТОО «ЭКСАТ» работала над опорожнением нефтеловушки. Всего вывезено 3 725 тонн нефтесодержащих отходов. В апреле работы были полностью завершены.

В рамках проекта «Буферные ёмкости и МКС» предусмотрены также демонтаж старой насосной МОС, аварийного амбара и строительство четырех буферных резервуаров. Предварительно, начало работ запланировано на IV квартал 2025 года.

Эти шаги являются частью комплекса мероприятий АНПЗ по минимизации экологического следа и модернизации производственной инфраструктуры в соответствии с принципами устойчивого развития.

ПРОЕКТЫ

Экология
в приоритете

На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе продолжается реализация масштабного экологического проекта Tazalyq, запущенного в 2019 году. Его главная цель – повышение эффективности очистки сточных вод и улучшение состояния окружающей среды.

Ключевым этапом проекта стала модернизация механических очистных сооружений (МОС), и на сегодняшний день обновлённый комплекс обеспечивает очистку до 1 000 м³ сточных вод в час, а также позволяет перерабатывать в среднем 20 000 м³ нефтешлама ежемесячно. Это существенно повысило качество очищенной воды, которая сливается на поля испарения, и снизило нагрузку на окружающую среду.

В рамках проекта проводится рекультивация заводской части полей испарения общей площадью 860 гектаров. Первые два сектора были осушены, очищены от тростника и вспаханы в 2022 году. Продолжение работ на оставшихся участках станет возможным после того, как исполнительными органами будет определено новое место для сброса сточных вод, прошедших очистку на МОС. В настоящее время также ведутся переговоры о возможности их перенаправления на городскую КНС.

НАГРАЖДЕНИЯ

Сила в единстве и спорте

В ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» состоялась торжественная церемония награждения победителей общекомандного зачёта внутризаводской спартакиады, приуроченной к 80-летию предприятия.



С приветственным словом к участникам обратился генеральный директор ТОО «АНПЗ» Куаныш Бишимов. Он поздравил победителей с заслуженными наградами, отметил вклад всех

спортсменов в развитие корпоративного спорта, популяризацию здорового образа жизни и укрепление командного духа.

В состязаниях приняли участие

свыше 700 работников завода, соревновавшихся по 12 видам спорта. Жаркие баталии и командный азарт сопровождали турнир с первых дней и до финального свистка.

В итоге места распределились следующим образом: среди женских I место заняла команда производства тепловой и электрической энергии, II место – заводоуправления и центрального аппарата, на

III месте – команда центральной заводской лаборатории. У мужчин I место заняла команда производства ароматических углеводородов; вторыми стали производство кокса и серы, III место досталось команде производства гидрогенизационных процессов.

Все победители получили специальные кубки и денежные призы.

За активную помощь в организации и проведении соревнований благодарственными письмами генерального директора были награждены: Максим Успанов, Данияр Черкешбаев, Канат Мусин, Курмангазы Султангереев и Бахытжан Успанов.

Майская спартакиада стала одним из самых ярких и масштабных событий за всю историю АНПЗ. Она вновь подтвердила: сильная команда – это не только профессионалы своего дела, но и люди, умеющие побеждать вместе.

СВЯЗЬ ВРЕМЁН

Снова в родном цехе

Цех контрольно-измерительных приборов и автоматики (КИПиА) Атырауского нефтеперерабатывающего завода бережно хранит свои традиции. Здесь уважают преемственность, ценят наставников и не забывают тех, кто посвятил свою жизнь заводу.

Мы уже рассказывали в одном из прошлых номеров, что 31 мая 1945 года был подписан приказ о вводе в эксплуатацию мастерской КИП, нынешнего цеха КИПиА. В этом году вместе с заводом подразделение отмечает своё 80-летие. В честь этой даты сотрудники организовали особую встречу – пригласили ветеранов цеха на завод.

– У нас всего 31 пенсионер, с каждым мы поддерживаем связь. В честь юбилея решили пригласить их в цех. Пришли 20 человек: кто-то был в отъезде, кто-то приболел, но мы звонили всем. В нашем цехе так принято – не забывать своих коллег, – рассказал председатель цехкома Борис Бердинских.

Ветеранов встретили у проходной, провели экскурсию по музею, а затем – в цех. Вдоль стен фойе здания цеха выстроились действующие сотрудники, они тепло поприветствовали своих старших коллег и наставников. Атмосфера была искренней и трогательной.

Бывший токарь Сергей Николаевич Бухарин, один из гостей встречи, не просто прошёл по знакомым коридорам, а дал небольшой мастер-класс для молодых специалистов – как и прежде, спокойно, подробно, с уважением к каждому вопросу.

Позже в актовом зале прошла торжественная часть мероприятия. Начальник цеха Петр Шамин поблагодарил ветеранов за труд, за знания, за человеческое отношение и переданные традиции:

– Всё, что вы знали и умели, передали нам. И мы стараемся не терять заложенное вами. Для нас важно, чтобы вы вспомнили молодые годы и увидели, как изменился родной цех. Киповцы провели мероприятие со-



вместно с профсоюзной организацией завода. Заместитель цеха КИПиА Иван Безбородый отметил также, что в организации мероприятия киповцам помогли отдел кадров и административный отдел.

Заместитель председателя профкома Бахыт Отебалы поздравила коллектив с юбилеем и вручила благодарственные письма ветеранам Марфуге Узакпаевне Кейль, Марату Хайруллаевичу Айдинову и Галине Юрьевне Бакалдиной. Всем приглашённым пенсионерам сотрудники цеха подготовили памятные подарки. А ещё – праздничный стол и тёплую встречу без формальностей, чтобы пообщаться, послушать друг

друга, посмеяться и вспомнить яркие моменты.

Финалом встречи стала экскурсия по новой части завода, которую лично провёл Петр Шамин.

– Я очень рада снова оказаться на заводе, – призналась бывший слесарь цеха Баян Тулеуова. – Даже на пенсии забот хватает, но для такой встречи всегда найдётся время.

Цех КИПиА бережно хранит свою историю и свою команду. Люди – его главная ценность. Присоединяемся к поздравлениям и благодарим всех, кто в разные годы работал и работает в этом подразделении. С юбилеем, киповцы!

С юбилеем, заводчане!

БӘРЕКЕЛДІ

Зауыт жастары арасында экотимбилдинг өтті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Барлығы 150-ден астам жас маман қатысқан іс-шарада атаулы күндерді немесе кәсіби мерекені атап өту ғана емес, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық сананы қалыптастыруға және зауыт жастарының өзара ауызбіршілігін арттыруға үлес қосу көзделді. Бір жағынан, бұл – таза ауада бірге пайдалы уақыт өткізуге тамаша мүмкіндік болды.

Экотимбилдингті өткізу орны ретінде қала маңындағы Ақсай елді мекенінде орналасқан «Тоныкөк Этно ауылы» демалыс базасы таңдалды. Ең алдымен қатысушыларға арналған фуршет ұйымдастырылды. Кейін іс-шараны алғы сөзімен ашып берген зауыттың қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Орынбасар Исқалиев жас мамандарға сәттілік тілей отырып, экотимбилдингтің ұжымдық иммунитетті дамытудағы рөлі жоғары екенін атап өтті.

Бағдарламаға сәйкес, ресми ашылу рәсімінен соң қызметкерлер Жайық жағалауын қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізді. Бір сағатқа созылған жұмыс нәтижесінде 100 қаптан астам қоқыс жиналды. Жиналған қоқыс тиісті мекемеге тапсырылды.

Әрі қарай эстафеталық ойындарға көзек беріліп, қатысушылар «Найзағай», «Сұңқар», «Алаш», «Жеңіс», «Жас ба-

тыр» сынды бес командаға бөлінді. Экологиялық, логикалық, музыкалық және ептілікті, жылдамдықты қажет ететін тапсырмалардан тұратын сайыстардың нәтижесі бойынша жалпы есепте «Сұңқар» командасы жеңіске жетті. Жеңімпаздарға және барлық қатысушы команда мүшелеріне зауыттың 80 жылдығына орай дайындалған арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Өз кезегінде қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы Мөлдір Шоханованың айтуынша, бұл бағыттағы зауыт қызметкерлерінің Жайық жағалауын тазалау жұмыстары жылына екі-үш мәрте ұйымдастырылады. Бірақ экотимбилдинг форматында өтуі – бірінші рет болып отыр.

«Жалпы біз қыс мезгілінен басқа уақыттарда әр апта сайын зауыт территориясы мен маңында сенбілік жасаймыз. Аталмыш экотимбилдинг – осы қатарда атқарылатын жұмыстардың бірі. Іс-шарамыз жоғары деңгейде өтті деген сенімдемін. Зауытта 40 жасқа дейінгі 1 600-ге жуық адам еңбек етеді. Солардың ішінен 150 адамды квота арқылы іріктеп алдық. Іріктеуде қандай критерийлер басшылыққа алынды десеңіз, негізінен зауыт өміріне белсенді араласатын, «Үздік маман» байқауына, Lean Six Sigma бағдарламасына қатысқан қызметкерлерге, сондай-ақ спартакиада мен түрлі мәдени-бұқаралық іс-шаралардың қатысушыларына



басымдық берілді» – дейді бөлім басшысы Мөлдір Шоханова.

Қоса кететіні, зауыт жанынан жас мамандар кеңесі жұмыс істейді. Кеңес құрамындағы жастар да көптеген іс-

шараларға өзіндік үлестерін қосып келеді. Бірақ көп жағдайда жастардың осы контингенті еленбей жатқаны ескеріліп, экотимбилдингте дәл осы мамандар мейлінше қамтылды.

Атырау мұнай өңдеу зауытының мерейтойына орай интеллектуалды ойын өтті

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-ның 80 жылдық мерейтойы аясында APEC Training Center білім орталығында AMOZIUM интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылды. Эрудиттер сайысына «AMÖ3» ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ, Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. («КПИ» ЖШС) және «Силлено» ЖШС мамандарынан құралған тоғыз команда қатысты.

Зияткерлік сайыс тест тапсырмалары, үш әріпті сұрақтар, логикалық сұрақтар, тақырыптық бөлім, медиасұрақтар және тәуекел секілді алты кезеңнен тұрды.

Қазақстан мен әлемдік мұнай тақырыбына арналған алғашқы кезеңде қатысушылар география, тарих және қара алтын өнеркәсібінің даму кезеңдері бойынша жан-жақты білімдерін көрсетті. Тақырыптық бөлімде қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі мен тұрмысына қатысты сұрақтар қойылып, ойынға ұлттық реңк берді. Ал медиатур барысында командалар көрнекті тұлғалардың дауыстары мен елдерді анықтап, танымал әндердің мәтінін жалғастырып жарысты.

Ойынның жүргізушісі, «Қазақша Quiz 1000» жобасының авторы Нұрлан Азаматов қатысушылардың жоғары дайындығын және достық атмосфераны ерекше атап өтті.

«Қатысушылар өздеріне қойылған 34 сұрақтың барлығына жауап берді – бұл сирек кездесетін жағдай. Командалардың дайындық деңгейі жоғары болғандықтан, сайыс соңына дейін тартысты өтті. Кейбір ұжымдарда өзге ұлт өкілдерінің болғаны қуантты. Бастапқыда қазақ тіліндегі сұрақтар олар үшін қиындық туғызуы мүмкін деп ойлаған өдім, алайда әріптестері менің айтқандарымды шапшаң аударып, тілдік кедергі мүлде байқалмады. Мұндай ойындардағы ба-



сты мақсат – тек жарыс пен жеңіс емес, сонымен қатар білім алмасу, таным көкжиегін кеңейту және ұйымшылдық рухын нығайту. Бұл тұрғыда қатысушылар өздерін тек жақсы қырынан көрсетті. Іс-шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған», – деді ол.

Қатысушылар сұрақтардың сан түрлі салаларды қамтығанын айтып, ойын барысында кәсіби білімдерін шыңдап қана қоймай, жаңа мәліметтермен танысуға мүмкіндік алғандарын жеткізді.

«Біз интеллектуалдық ойындарға жиі қатысамыз, сондықтан бұл жолы арнайы дайындық болған жоқ. Ойын өте

қызықты өтті. Әсіресе, уақыт белдеуі туралы сұрақ есімде қалды. Барлық интеллектуалдық күшімізді жұмсап, командалық жұмыстың арқасында дұрыс жауапты таптық. Бұдан бөлек соңғы геосаяси оқиғалар мен олардың әлемдік мұнай тасымалына әсері туралы сұрақтар да қызықты болды», – деді «ПКИС» командасының белді ойыншысы, мұнай коксын қыздыру қондырғысының аға операторы Мәлік Макашев.

Тартысты өткен білім додасының нәтижесінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Premium командасы жеңімпаз атанды. Екінші орынды – «Силлено»

компаниясының «Гранулы» командасы, ал үшінші орынды – «AMÖ3» ЖШС атынан сайысқа түскен «Кокс және күкірт өндірісі» командасы иеленді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйақы, ал қалған қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

AMOZIUM интеллектуалдық ойыны білім мен жағымды эмоциялар алмасудың маңызды алаңы ғана емес, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы арасындағы серіктестік байланыстарды нығайтудың және корпоративтік коммуникацияларды дамытудың тиімді құралына айналды.

Еңбек пен ерлік үлгісі: Атырау мұнай өңдеу зауытының қалыптасуы

(Соңы. Басы №12, 27.06.2025 ж.)

Алайда зауытты салу және іске қосуды тез атқарудан басқа амал жоқ еді.

Жоғарыда келтірілген КСРО Ішкі істер халық комиссариаты Аэродромдық құрылысы бас Басқармасының 3-ші құрылыс басқармасының басшылық құрамы келесідей болды: Иван Михайлович Романовский – басшы; Иосиф Рафаилович Местер – бас инженер; Сергей Владимирович Васильковский – бас сәулетші;

Николай Иванович Белецкий – басшының орынбасары; Борис Ильич Варшавский – жабдықтау кеңсесінің басшысы; Иван Григорьевич Белоцерковский – жоспарлау бөлімінің басшысы; Николай Максимович Кудзинович – қаржы бөлімінің басшысы.

Сөйтіп, 1943 жылдың қазанында Қазақстан мұнай өнеркәсібі дамуының жаңа кезеңі басталды. Ынта мен жігер бір арнаға тоғысып, жеңіске жетуге деген талпыныспен біріккен ұжым дүниеге келе бастады. Иә, жеңіске жету үшін. Өйткені бұл жобалаушылардың, сәулетшілердің, құрылысшылардың, технологтардың ұлы іске қосқан үлесі еді.

Сол жылдары тек зауыт қабырғаларының ғана емес, Қазақстан мұнай өңдеушілерінің кейінгі ұрпақтарының өмірлік негізі болып қаланған дәстүрлердің де іргетасы қаланды. Алғашқыда шикізат қоры ретінде қолданылып келген осы зауыт құрылысы республика дамуының жаңа бетбұрысын білдіріп, енді шекарадан шығуға мүмкіндік алды, сол арқылы басқа да өрістер ашылды.

Зауыттың құрылысы соғыс кезінің төтенше қиын жағдайларында жүзеге асырылды. Зауыт құрылысының ұйымдастыру кезеңіндегі белсенді қатысушылардың бірі Қазақстан мен КСРО-да танымал мұнайшы Сафи Өтебаев болды. «Ембімұнай» бірлестігінің бас инженері қызметін атқара отырып, ол мұнай жөніндегі бірінші маман ретінде зауыт құрылысы үшін қажетті құрылыс алаңын бөлуге және тиісті техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысты.

КӘСІПОРЫН ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Зауыттың құрылысы кеңестік дәрежеде өте маңызды халықтық-шаруашылық нысан саналды. Құрылысқа байланысты мәселелермен партияның Орталық Комитеті мен Министрлер кеңесінен бастап, төменгі бастапқы органдарға дейінгі барлық мекемелер айналысты.

Құрылыс жұмыстарын бүкіл кезең бойы тікелей ұйымдастырғандар – КСРО Ішкі істер халық комиссариаты Аэродромдық құрылысы бас Басқармасы басшысының орынбасарлары Кнорре, Свердлов, Елоховский, Юджин және Ішкі істер халық комиссариатынан Л.Сафразян сынды мамандар болды.

Қазақстандағы алғашқы мұнай өңдеу зауытының қалыптасуының КСРО Мұнай өнеркәсібі халық комиссары Н.Байбаков, оның орынбасары Б.Рыбак, Басмұнайөңдеу басшысы Г.Болдырев, Мұнай өнеркәсібі халық комиссариатының №1 трестің басқарушы орынбасары А.Музыченко, зауыттың алғашқы директоры Г.Гореченков сияқты ірі өндіріс ұйымдастырушылары тұрды.

Сондай-ақ, зауыт құрылысына №441 зауыттың басшылық құрамының бірінші тобы – бас инженер Я.Кацобашвили, бас механик Г.Газарянц, бас энергетик ЮЯкубовский, күрделі құрылыс жөніндегі бас инженер орынбасары Г.Вершинин, бас бухгалтер С.Рогачевский, қаржылық бөлім басшысы Фельд, материалдық-техникалық жабдықтау басшысы



И.Каниболодский және облыстық партия комитетінің хатшылары С.И. Круглов, Н.Камбаров және А.Н.Клоноз; облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары А.Г.Севастьянов, партия қалалық комитетінің хатшысы К.З.Ағыбаев және Ішкі істер халық комиссариаты облыстық басқармасының басшысы И.Н. Забелев қомақты үлес қосты.

Атап өту керек, №441 зауытының құрылысына бас-аяғы 10 мыңнан астам адам қатысты.

1943 жылдың соңғы үш айында құрылыс материалдары мен бұйымдарының базасы, қондырғы мен механизация базалары, тас жол, теміржол тұйығы, уақытша тұрғын қалашықтар мен қызмет бөлмелері, шетелдік мамандарға арналған екі пәтерлі бес коттедж және кенсіз материалдардың екі қарьері салынды. Зауыт құрылысының бірінші жылындағы жоспары 144%-ға орындалған болатын.

Өз кезегінде 1944 жыл құрылыстың шешуші кезеңі болды. Жылу электр орталығы (ЖЭО), су бөгеті, су таратқыш, тазартқыш құрылыстар, көріз және жылыту желілері, тұрғын үй қалашығындағы үйлер бой көтерді. Технологиялық қондырғылар тұрғызылды. Желтоқсанның бірінші күндерінен су бөгетінде, ЖЭО-да және сумен жабдықтау және көріз жүйелерінде құрылғыны көшенді сынақтан өткізу, іске қосу және жөндеу жұмыстары басталды.

Ал 1945 жылдың 1 қаңтарында зауыттың жылу электр орталығы пайдалануға берілді. Осы жылы технологиялық қондырғылардың, тұрғын үйдің, жалпы зауыттық және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы нысандардың құрылысы кең ауқымда жүргізілді. Пешной мұнай құбырының, мұнай қабылдауға арналған зауыттан тыс резервуарлық парктің құрылысы тездетілді. Технологиялық қондырғыларды монтаждау, зауыт асханасын, өрт депосын, зауыт басқармасының және химиялық зертхананы салу жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Зауыттың және жұмысшылар мен қызметкерлерге арналған жаңа жабдықталған қалашықтың құрылысына 18 ай жұмсалды.

1945 жылдың 8 қыркүйегінде №441 мұнай өңдеу зауытының алғашқы өнімі – автокөлік бензині шығарылды. Аталмыш дата – зауыт пен қазақстандық мұнай өңдеу саласының туған күні. Мемлекеттік комиссияның шешімімен, бұл күн өнеркәсіптік өнім өндірісінің басталған күні ретінде де белгіленді. Зауыттың алғашқы өндірістік қуаты жылына 800 мың тоннаны құрады. Кәсіпорын бастапқыда мотор және қазан жанармайларын шығарып, жанармай саласы жағынан дамыды. 1945 жылдың 1 қазанынан 17 қарашасына дейінгі кезеңде Мемлекеттік комиссия зауытты өнеркәсіптік қолданысқа енгізуге қабылдау жүргізді. Оның қосылуынан бастап, Гурьев облысы индустриалды орталық мәртебесіне ие болды. Бұл кезде №441 зауыттың құрамына он жеті нысан, оның ішінде өнеркәсіптік, қосалқы нысандар мен Жилгородок (Тұрғын үй қалашығы) елді мекені кірді. Кәсіпорын жұмысында термиялық крекинг және мұнайды тікелей айдау блоктарымен құрамдастырылған, катализикалық крекинг, тазалау (ГУДРИ), газофракциялық және күкірт қышқылды алкилдеу секілді технологиялық құрылғылар негізгі стратегиялық нысан болып есептелді.

Дәл осы 1945 жылы мұнайды өңдеу бойынша бірінші қондырғының іске қосылуымен бірге зауыттың орталық зертханасы да өз жұмысын бастады.

«AMÖZ alemi» басылымы №13.
11 шілде 2025 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«AMÖZ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №33.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ж.Темірғалиев.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертеев.
Редакторлар – И. Козонова,
Ө. Кенжеахметов.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18ВР00088072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

AMÖZ alemi